

Ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Кайдаулов Мұхтар Кенжебекұлының 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Денсаулық сақтаудағы адами ресурстарды болжамдау әдістемесіне ғылыми көзқарас (үлкен қала жағдайындағы жалпы тәжірибелі дәрігерлер мен мейіргерлер мысалында)» диссертациясына

Кайдаулов М.К. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің» ғылыми-педагогикалық докторантурасын сәтті аяқтады. Оқу барысында теориялық пәндер және ғылыми-зерттеу тәжірибесі бойынша оқу жүктемесін білім беру бағдарламасына сәйкес толық орындады.

Кайдаулов М.К. диссертациялық жұмысы дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің мысалындағы денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық ресурстары мәселесіне, адами ресурстарға қажеттілікті болжамдау әдістемесіне бағытталған.

Диссертациялық жұмыстың актуалдылығы қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласындағы реформалардың белсенді жүргізіліп жатқандығымен және ол реформалардың денсаулық сақтаудағы кадрлық ресурстарға қажеттілікті болжау мәселелерін шешуге бағытталғандығымен анықталады.

Докторант денсаулық сақтау саласындағы кадрлық ресурстарды болжау әдістемесінің сапасын арттыру мақсатында диссертациялық жұмыстың нәтижесіне сәйкес біршама шаралар кешенін ұсынған: WISN бағдарламасының мүмкіндіктерін және модельдер ансамблі әдісін пайдалана отырып, кешенді тәсіл негізінде жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен мейіргерлерге қажеттілікті болжау; Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен мейіргерлерді оқытуға мемлекеттік тапсырыстарды жоспарлау және бөлу кезінде болжамдық нәтижелерді пайдалану; Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру және жалпы тәжірибелік дәрігерлерді өз міндеттеріне кірмейтін функциялардан босату мақсатында жалпы тәжірибелік дәрігерге 3 мейіргер нормасының сақталуын қамтамасыз ету; Жалпы тәжірибелік дәрігерлердің кейбір функцияларын мейіргерлерге делегирлеу мақсатында олардың функционалдық міндеттері шеңберінде созылмалы жұқпалы емес аурулары бар науқастарға консультациялар беру бойынша мейіргерлерді оқыту; Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесіндегі жалпы тәжірибелік дәрігерлердің санының жеткілікті екендігін ескере отырып, «жалпы дәрігерлік тәжірибе» және «мейіргер ісі» мамандығының беделін арттыру тетіктерін қамтамасыз ету.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес келетін басылымдарда жарияланған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің PhD философия докторы дәрежесіне (6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) қойатын талаптарына толық сәйкес келеді және ресми қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:

**м.ғ.к., С.Ж. Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ «Қоғамдық денсаулық сақтау»
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры**



Аимбетова Г.Е.